



# ҚОҒАМДЫҚ ӨНДІРІС ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.

## жоспар

- Қоғамдық өндіріс және оның факторлары.
- Өндіргіш күштер және өндірістік қатынастар.
- Экономикалық институттар: жекеменшік және кәсіпкерлік. Олардың ролі және ерекшеліктері.
- Экономикалық жүйелердің типтері және заңдылықтары мен дамуы.

- **Мақсат:**
- Қоғамдық өндірістің жалпы негізі.
- материалдың факторлардың адамзат өміріндегі маңызды, шешуші рөлі жайында, түсінік беру,
- Шикізаттар, олардың шектеулігі.
- қоғамдық өндіріс құрылымын,
- экономикалық институттар ерекшеліктерін және
- өндіріс күшінің мәнін,
- жекеменшік және кәсіпкерлікке мінездеме беру,
- экономикалық жүйе және олардың даму заңдылықтарына түсінік беру.

**Өндіріс** бұл адамдардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған мақсатты қызмет.

Бұл процесте өндірістің негізгі **факторлары** қызмет атқарады

еңбек

капитал

жер

кәсіпкерлік.

- Жер (табиғи ресурстар)- тауар өндіру мен қызмет көрсету үшін жұмсалатын байлықтар. (тірі табиғат, минералды және орман ресурстары).
- Жерді пайдаланған үшін, төленетін баға **рента** деп аталады.

- **Еңбек** (адам ресурстары) – өндіріс процесінде жұмсалатын физикалық және ой күші.
- Еңбек үшін төленетін баға – **еңбекақы**.

- **Капитал** - тауар өндіру мен қызмет көрсету үшін адамдардың өздері жасайтын заттар мен құралдар. (Фабрикалар, машиналар, әртүрлі құрал жабдықтар).
- Капиталды қолданған үшін төленетін ақы **пайыз** деп аталады.

- **Кәсіпкерлік** – тауар өндіруде және қызмет көрсетуде барлық фирмалар үшін қажет басқару және ұйымдастыру дағдылары. Жер, еңбек және капитал ресурстарын тиімді жүргізсе онда ол пайда береді, ал керісінше болғанда ол, шығынға отырады.
- Барлық шығындарды төлегеннен кейін қалатын сома кәсіпкерлікте – **пайда** болып табылады.



## Қоғамдық өндірістің маңызды түрі:


- Өндірістің тиімділігін арттыру.
- Өндірісте адамға бірқалыпты жағдай жасау.

Өндіріс нәтижесі болып адамның материалдық және материалдық емес қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Маркстік терминология бойынша өндіріспен байланысты келесідей түсініктерді көруге болады:

- өндірістік күштер,
- өндірістік қатынастар.

**Өндірістік күштер** – адамның өз өндірісі мен тұтынуы үшін бейімдей алған күштер.



Табиғи  
(табиғи ресурстар, адамның физиологиялық мүмкіндіктері)

Қоғамдық  
(Өндіріс құралдары, жұмыс күші)

Жалпылық  
(ғылым, білім, мәдениет)

**Өндірістік қатынастар** – өндіріс процесіндегі адамдар арасындағы қатынастар.

- Қоғамдық өндіріс нәтижесінде **қоғамдық өнім** қалыптасады. Өз қызметінде қоғамдық өнім бірнеше кезеңдерден өтеді:

**өндіріс**

**бөлу**

**айырбас**

**тұтыну.**

Қоғамдық өндірістің өзінің қайта жаңаруының үздіксіз ағымындағы процесі – **Қоғамдық ұдайы өндіріс** болып табылады.



**Жай ұө** – өндіріс процесінің бұрынғы ауқымда қайталануы. Алынған табыс толық жеке тұтынуға жұмсалады.



**Ұлғаймалы ұө** – өндіріс процесінің көбейтілген ауқымда қайталануы. Алынған табыстардың бір бөлігіне ресурстар, ал бір бөлігіне өндіріс процесі қайта жаңғыртылады.

# Ұдайы өндірістің ұлғайған типі

## Интенсивті

Техника мен технология жетілдіру нәтижесінде өндірістік потенциал ұлғаяды.

## Аралас

Өндіріс қуатын өндіріс факторлары санын және Техника мен технология жетілдіру нәтижесінде ұлғайту.

## Экстенсивті

Өндіріс қуатын өндірістік факторлары санын көбейту нәтижесінде ұлғайту.

**Институт** - дегеніміз бірыңғай жинақталған адамдардың ережелерінің формальды және формальды емес ережелері.

**Меншік** - күрделі де көпқырлы құрылым. Ол экономикалық жүйенің негізі болып табылады.

**Жеке меншік** өзінің әріптестерімен заңды келісім жасай отырып, жеке тұлғаларға немесе кәсіпорындарға материалдық ресурстарды өз қалауларында тауып, бақылап, қолданып және жүзеге асыруға ерік береді.

Жеке меншік институты ғасырлар бойы мұра құқығымен қуатталады, яғни жеке меншік иесі болып әкесі одан соң баласы мұрагер болып қалады



# Меншік субъектілері

халық

басқару органдары

жеке тұлғалар

отбасы  
әлеуметтік топ

өндірістік ұжым

# Меншік объектілері

жұмыс  
күші

құнды  
қағаздар

өндіріс құралдары

ақш  
а

мүлі  
к

ақпара  
т

интеллект

## Меншік құқықтары:

- иелік ету құқығы яғни игіліктерге айрықша нақты бақылау жасау құқығы.
- пайдалану құқығы яғни игіліктердің пайдалы қасиеттерін өзі үшін пайдалану құқығы.
- басқару құқығы, яғни игіліктерді пайдалану кім және қалай қамтамасыз ететінін шешу құқығы.
- табысты алу құқығы, яғни игіліктерді пайдалану нәтижелеріне иелік ету құқығы.

- егемен құқығы яғни игіліктерді шеттету, пайдалану өзгерту немесе жою құқығы.
- игіліктерді мұраға қалдыру құқығы.
- игіліктерді шексіз пайдалану құқығы.
- сыртқы орта зиян тигізетін тәсілмен пайдалануға тыйым салу.
- өндіріп алу түріндегі жауапкершілік құқығы яғни игілікті қарызды өтеу үшін өндіріп алу мүмкіндігі.
- бұзылған құқықтардың қалпына келтіруін қамтамасыз ететін тәртіптер мен институттардың болу құқығы.

## ■ Меншік түрлері:

1. Жеке меншік

2. Ұжымдық меншік:

а) серіктестіктер

ә) кооперативтік

б) акционерлік

в) ортақ өндіріс болып бөлінеді

3. Мемлекеттік

4. Жалдамалық

5. Шет елдік фирмалармен бірлескен

# Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру

Өтпелі экономика жағдайында меншік қатынастары түрлі өзгерістерге ұшырайды. Бұл өзгерістер мемлекет қарамағынан алу және жекешелендіру процестермен байланысты.

Мемлекет иелігінен алу - мемлекеттік меншіктік өзгертуге байланысты мемлекеттің экономикадағы шектен тыс ролін жоюға бағытталған шаралар жиынтығы.

Мемлекет иелігінен алу монополизмді жеңуге бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған.


**Кәсіпкерлік дегеніміз** - адамдармен олар құрған бірлестіктердің белсенді, дербес шаруашылық қызметі. Оның көмегімен адамдар тәуекелге бел буып, мүлктік жауапкершілікті сақтай отырып, пайда табу жолын көздейді.

Кәсіпкерлік шығармашылық күш-жігерді жүзеге асыруға, экономикалық және ұйымдастыру ісінде тапқырлыққа, жаңашылдыққа байланысты.

**Кәсіпкер** қабылданған заңға қайшы келмейтін қызметтің қандайда болмасын түрімен айналыса алады. Олар:

- \*шаруашылық - өндірістік,
- \*сауда - көтерме және бөлшек сауда,
- \*жаңартпа шылық,
- \*көрсетілетін консультациялық қызметтер
- \*коммерциялық делдалдық,
- \*құнды қағаздар операциялары.





Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметтің субъектілері мыналар бола алады:

- Қазақстанның азаматтары;
- Шетел мемлекетінің азаматтары;
- Адамдардың бірігуі (кәсіпкерлер ұжымы)

## Коммерциялық кәсіпкерлікке -

қызмет түрін сипаттайтын, оның мазмұнының мәнін айқындайтын тауар - ақша қатынастары, тауар - айырбастау операциялары жатады.

Мұның өндірістік кәсіпкерліктен айырмашылығы - мұнда өнім өндіруге байланысты өндірістік ресурстарды қамтамасыз ету қажеттілігі тумады. Технологияның бастапқы сатысы ретінде, не сатып алу, нені қайта сату және қай жерде екенін таңдай білу қажет.

**Қаржылық кәсіпкерлік** - коммерциялық кәсіпкерліктің бір түрі, солай болғандықтан оның сатып алу, сату объектісі айрықшалығы - тауар болып есептеледі: ақшалар, валюта, құнды қағаздар (акциялар, облигациялар, вексельдер, кепілдіктер), яғни бірдей ақшаларды сату тікелей немесе жанама формада жүргізіледі. Қаржылық кәсіпкерлік - бұл коммерцияның бір түрі, онда қаржылық кәсіпкерінің технологиялық мәмлесі коммерциялық технология мәмлесі мен ұқсас болады, айырмасы тек тауар - қаржы активі болып саналады.

**Жүйе** (грек тілінен - құрастыру, біріктіру, қосу) – заңдылықтардың бір – бірі мен байланысты құбылыстардың объективті бірлігі. Бір тұтас толықты құрайтын өзара әрекет ететін элементтердің күрделі жүйесі.

Экономика – күрделі жүйе.  
(кәсіпорындар, үй шаруашылығы, нарық, ұлттық экономика, жалпы әлемдік экономика).

## Экономикалық жүйенің жіктелуі:

1) \* **Жабық экономикалық жүйе** – барлық іскерлік операциялар ел ішінде жүреді. Есеп айырысу сол елдің ұлттық валютасымен жүргізіледі.

\* **Ашық экономикалық жүйе** - іскерлік операциялар ел іші мен қатар халықаралық сыртқы экономикалық байланыстармен жүргізіледі.

2) Меншік қатынастар мен экономикалық байланыстар нысандары сияқты критерилері жатады.  
Бұл критерилері:

- *Дәстүрлі экономика*
- *Орталықтандырылған әміршілдік экономика*
- *Нарықтық экономика*
- *Аралас*

**Дәстүрлі экономика-** оңаша тайпаларда не топтарда және бүкіл елде кездеседі. (Өндірілетін өніммен көрсетілетін қызмет жүздеген жыл өзгермейді).

**Орталықтандырылған әміршілдік экономика-** бұл жүйеде инженерлерден, экономисттерден, компьютер мамандарынан, өнеркәсіп өкілдерінен тұратын жоғарғы деңгейде маманданған “жоспарлаушылар” деп аталатын топтар- кеңесі бойынша, экономика салалары үшін, жоспарлар құрылып, оларды іске асыратын саяси басшылар шешім қабылдайды.

**Нарықтық экономика-** сұраныс пен ұсыныстың және бағаның еркін қозғалысы.

■ 3) *Өнеркәсіптік төңкеріс және ГТР сияқты сипаттарға негізделген:*

- *Индустриалдыға дейінгі* – ауыл шаруашылығы, қол еңбек.
- *Индустриялық* – ірі машиналық өндіріс, дамығын ақша- тауар қатынастары.
- *Индустриядан кейінгі* – ақпарат, адам және оның мүмкіндіктерін жүзеге асыруына жағдай жасау.



Кез келген экономикалық жүйе экономиканың негізгі **үш сұрағына** жауап қайтару керек:

*НЕ?*

*Қалай?*

*Кім үшін?*